

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

2020ж. 30.11. № 06-1-03/1990



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Нур-Султан,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

**Қазақстанның «Ақ жол»  
Демократиялық  
партиясы фракциясының  
депутаттары**  
**А. Т. Перуашевқа**  
**М. А. Қазбековаға**  
**Е. Х. Барлыбаевқа**  
**Е. С. Никитинскаяға**  
**К. Г. Абсатировқа**  
**Б. С. Дюсембиновке**  
**Д. М. Еспаеваға**

*Пайыздық мөлшерлемелерді жылдық 6%-ға дейін субсидиялау мәселесі бойынша*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Сіздің 2020 жылғы 4 қарашадағы № ДЗ-172 сұратуыңыз бойынша, төтенше жағдай режимі жарияланған сәттен бастап 12 ай кезеңіне экономиканың зардап шеккен секторларындағы шағын және орта бизнестің барлық қолданыстағы кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жылдық 6%-ға дейін субсидиялау, сондай-ақ Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) 200 млрд. теңгеге қаржыландыруды 800 млрд. теңгеге дейін ұлғайту бөлігінде мыналарды хабарлайды.

**Пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға қатысты**

Жүргізіліп отырған ақша-кредит саясаты шеңберінде Ұлттық Банк экономиканың жекелеген салаларын тікелей не жанама **субсидиялауды жүзеге асырмайды**. 2015 жылдан бастап Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарын ұстанады, осыған байланысты Ұлттық Банктің негізгі мақсаты баға тұрақтылығын қолдау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 94-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қаржылық қолдау тәртібін, нысандарын,

мемлекеттік қаржылық қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика саласын (салаларын), мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін тартылатын заңды тұлғаны (тұлғаларды), қаржылық қолдау мөлшерлерін және мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін қажетті басқа да шарттарды **Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.**

**Бағдарламаны 200 млрд. теңгеге қаржыландыруды 800 млрд. теңгеге дейін ұлғайтуға қатысты.**

Коронавирустық инфекцияның таралу салдарының кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне жағымсыз әсерінің жалғасуын ескере отырып, Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасына сәйкес, ағымдағы жылғы 27 қазанда Ұлттық Банк Басқармасы Ұлттық Банк іске асыратын Бағдарламаның 200 млрд. теңгеге қаржыландыру көлемін 800 млрд. теңгеге дейін ұлғайту және қолданылу мерзімін 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін қоса алғанда ұзарту бөлігіндегі талаптарын кеңейтуді көздейтін шешім қабылдады.

Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау тетігі екінші деңгейдегі банктердің айналым қаражатын толықтыруға салалық шектеулерсіз жылдық 8% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 12 айға дейінгі мерзімге жеңілдікті кредиттер беруі арқылы іске асырылады.

2020 жылғы 20 қарашадағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктер 570,9 млрд. теңге сомасына 2 332 өтініш қабылдады. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 457 млрд. теңге сомасына қаржыландырылды, оның ішінде 103 млрд. теңге бұрын берілген қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен болды.

**Төраға**

**Е. Досаев**

*орынд.: Ш. Итимгенов,  
тел: 8 (7172) 775577 (ішкі 5350)*

**Депутатам фракции  
демократической партии  
Казахстана «Ак жол»  
Перуашеву А. Т.  
Казбековой М. А.  
Барлыбаеву Е. Х.  
Никитинской Е. С.  
Абсатирову К. Г.  
Дюсембинову Б. С.  
Еспаевой Д. М.**

*По вопросу субсидирования процентных ставок до 6% годовых*

### **Уважаемые депутаты!**

Национальный Банк Республики Казахстан (далее - Национальный Банк) по Вашему запросу от 04.11.2020г. № ДЗ-172 в части субсидирования процентных ставок до 6% годовых по всем действующим кредитам малого и среднего бизнеса в пострадавших секторах экономики на период 12 месяцев, начиная с момента объявления режима чрезвычайного положения, а также увеличения финансирования на 200 млрд. тенге до 800 млрд. тенге Программы льготного кредитования субъектов малого и среднего предпринимательства (далее - Программа) сообщает следующее.

#### **Касательно субсидирования процентных ставок**

В рамках проводимой денежно-кредитной политики Национальный Банк **не осуществляет** прямое либо косвенное **субсидирование** отдельных отраслей экономики. С 2015 года Национальный Банк следует принципам инфляционного таргетирования, в этой связи основной целью Национального Банка является поддержание ценовой стабильности.

В соответствии с пунктом 2 статьи 94 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан, порядок, формы государственной финансовой поддержки, отрасль (отрасли) экономики, в которой (которых) осуществляют деятельность субъекты частного предпринимательства, подлежащие государственной финансовой поддержке, юридическое (юридические) лицо (лица), привлекаемое (привлекаемые) для оказания государственной финансовой поддержки, размеры финансовой поддержки и другие условия, необходимые для оказания государственной финансовой поддержки, **утверждаются Правительством Республики Казахстан.**

**Касательно увеличения финансирования Программы на 200 млрд. тенге до 800 млрд. тенге.**

Учитывая продолжающееся негативное влияние последствий распространения коронавирусной инфекции на деятельность субъектов предпринимательства, в соответствии с поручением Главы государства, озвученным 1 сентября 2020 года в Послании народу Казахстана, 27 октября т.г.

Правлением Национального Банка принято решение, предусматривающее расширение условий реализуемой Национальным Банком Программы в части увеличения объема ее финансирования на 200 млрд. тенге до 800 млрд. тенге и продления срока действия до 31 декабря 2021 года включительно.

Механизм поддержки субъектов предпринимательства реализуется путем предоставления банками второго уровня льготных кредитов на пополнение оборотных средств сроком до 12 месяцев по ставке вознаграждения 8% годовых без отраслевых ограничений.

По состоянию на 20 ноября 2020 года банками второго уровня принято 2 332 заявлений на сумму 570,9 млрд. тенге. Профинансированы субъекты малого и среднего предпринимательства на сумму 457 млрд. тенге, из них 103 млрд. тенге за счет денег, поступивших с погашения ранее выданных займов.

**Председатель**

**Е. Досаев**

*исп.: Ш. Итимгенов,  
тел: 8 (7172) 775577 (вн. 5350)*